

Қарабалық ауданы Қарабалық кентінің құрамдас бөліктерін қайта атау туралы

Қостанай облысы Қарабалық ауданы Қарабалық кенті әкімінің 2018 жылғы 12 қаңтардағы № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 30 қаңтарда № 7495 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 14-бабының 4) тармақшасына, облыстық ономастика комиссиясының 2017 жылғы 16 қарашадағы қорытындысы негізінде және халқының пікірін ескере отырып, Қарабалық кенті әкімінің міндетін атқарушы ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қарабалық ауданы Қарабалық кентінде қайта атауға:

Чапаев көшесін Иван Щеголихин көшесіне;

Октябрьская көшесін Қапан Бадыров көшесіне;

К.Маркс көшесін Серке Қожамқұлов көшесіне;

2. "Қарабалық кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Қарабалық ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) осы шешімді ресми жарияланғаннан кейін Қарабалық ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін;

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарабалық кенті
әкімінің міндетін атқарушы

Б. Касымов